

Мазмұны:

1. Билік жөнінде ғалымдар арасындағы әр түрлі анықтамалар мен тұжырымдамалар
2. Саяси биліктің қармағында теңсіздікті қамтамасыз ететін әдіс құралдар
3. Биліктің қызметі
4. Биліктің тармақтары

Билік жөнінде ғалымдар арасындағы
әр түрлі анықтамалар мен
тұжырымдамалар:

1. *Телеологиялық* анықтама - билікті белгілі бір мақсатқа, белгіленген нәтижеге, қорытындыға жету мүмкіндігі деп түсіндірді.
2. *Бихевиористік* анықтама бойынша билік деп басқа адамдардың жүріс – тұрысын, өзін - өзі ұстауын өзгерту мүмкіндігіне негізделген іс - әрекетің ерекше түрі.

3. ***Инструменталистік*** анықтама билікті белгілі бір құралдарды, амалдарды пайдалану, қолдану мүмкіндігі деп білді.
4. ***Структуралистік*** анықтама билікті басқарушы мен бағынушының арасындағы қатынастың ерекше түрі деп ұғады.
5. ***Конфликтілік*** анықтама билікті дау — жанжал жағдайында реттейтін, шиеленісті шешудің құралы деп түсіндірді.

Биліктің қызметі:

- Қоғамның саяси жүйесін қалыптастыру;
- Оның саяси өмірін ұйымдастыру;
- Әр түрлі деңгейдегі қоғам мен мемлекеттің істерін басқару;
- Өкімет органдары, саяси емес процестерге басшылық жасау;
- Саяси және басқа қатынастарды бақылау және түптеп келгенде, белгілі бір қоғамға сәйкес басқарудың түрін, саяси тәртіпті және мемлекеттік құрылысты, ашық және жабық қоғамды құру, қоғамдық тәртіп пен тұрақтылықты қолдау.

Заң шығарушы билік

Атқарушы билік

Соттық билік

- Негізін салушылар ағылшын ойшылдары Джон Локк пен француз ғалымы Ш.Л.Монтескье

Заң шығарушы билік (парламент)

- Заң шығарумен, оны бекіту, өзгерту немесе жоюмен айналысады. Ол заң қабылдайды, салық салуды анықтайды, үкіметті тағайындайды, бюджетті бекітеді т.б
- Оның жұмысына конституция атынан ерекше органдар бақылау жасайды.

Атқарушы билікке үкімет пен әкімшілік жатады

- Оларды заң шығарушы өкілдік органдар қалыптастырады. Атқарушы билік заң шығарушы биліктің бақылауында болып, олардың алдында есеп береді. Оның жұмысы заңға негізделіп, заң шеңберінде іс істеуі керек.

Соттық билік

- Адамдардың құқын қорғайды, заңды бұрмалаушылықтан сақтайды, парламент не президент қабылдаған заңдардың, конституциялық жарғылардың сәйкестігін анықтайды.

Пайдаланылған әдебиет

- 1. Жамбылов Д. Саясаттану – Алматы 2007 3
басылыс, 44 - 59 бет*